

## Орталық атқарушы органдар басшыларының халықпен кездесулерін өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 17 қаңтардағы № 12 қаулысы.

Қазақстанның қоғамды одан әрі демократияландыру, елде жүргізіліп жатқан реформалар туралы халықтың хабардар болуын арттыру, атқарушы органдардың халық алдындағы жауапкершілігі мен есептілігін күшейту, халықты мемлекеттік басқару процесіне кеңінен тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Орталық атқарушы органдар (Қазақстан Республикасының Қорғаныс, Сыртқы істер, Төтенше жағдайлар, Ішкі істер, Әділет министрліктерін қоспағанда):

1) жергілікті атқарушы органдармен келісу бойынша бірінші басшылар үшін тоқсанына бір ретten кем болмайтын кезеңділікпен жыл бойы халықпен тұрақты кездесу өткізіп тұрсын;

2) халықпен кездесу өткізу үшін өңірді таңдаған кезде салалық проблемалар мен жергілікті жерлерде көтерілетін мәселелерді ескерсін;

3) әлеуметтік шиеленіс қаупі болжанса не туындаса, бірінші басшылардың осы өнірдің тұрғындарымен міндетті түрде графиктен тыс кездесулер өткізуін қамтамасыз етсін;

4) тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-шы күнінен кешіктірмей, ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті органға өткізілген кездесулер бойынша жалпыланған ақпарат жіберіп тұрсын.

2. Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен облыстардың әкімдіктері кездесулер өткізуді ұйымдастыруда орталық атқарушы органдарға ұйымдастырушылық, ақпараттық және техникалық қолдау көрсетсін.

3. Ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті орган:

1) жарты жылда бір рет, 15 желтоқсан мен 15 маусымға дейін орталық атқарушы органдармен келісу бойынша халықпен кездесулердің алдағы жартыжылдыққа арналған графигінің жобасын бекіту үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізуіді;

2) халықпен кездесулер өткізу тәртібін бекітуді және орталық атқарушы органдардың назарына жеткізуіді;

3) жарты жылда бір рет, 15 маусым мен 15 желтоқсанға дейін орталық атқарушы органдар басшыларының кездесу өткізуінің қорытындылары туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына енгізуіді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК